

**Қ.Есенова, А.Әмірбекова, Г.Мамырбекова**

**ҚАЗАҚ ӘЛПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШРУДЕГІ  
КЕЙБІР ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Алматы 2018**

Жауапты редакторы: *филология ғылымдарының докторы,*  
*профессор Е.Қажыбек*

*Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым  
комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми  
кеңесі ұсынған*

Бұл кітапшада ұлттық сананы өзгертудің үлкен бір тетігі болып отырған қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесіне қатысты бірқатар ұсыныстар беріліп отыр. Атап айтқанда, я, ю әріптерінің таңбалануы, шет тілдерінен еніп жатқан терминдерді таңбалау, бірнеше нұсқамен жазылып жүрген араб, парсы және ескі кітаби лексиканы біріздендіру, сондай-ақ қазіргі орфографиялық сөздікте бар сөздердің жазылуына қатысты бірқатар ұсыныстар берілді және жаңа латын жазуымен таңбалаудың ғылыми проблемалары сөз болады.

**Есенова Қалбике Өмірбайқызы**  
филология ғылымдарының докторы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ қазақ тілі теориясы  
және әдістемесі кафедрасының профессоры,  
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық топтың мүшесі

### **Қазақ жазуын латын графикасына көшіруге байланысты кейбір мәселелер жайында**

Еліміз тәуелсіздік алғанда қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, экономикалық т.б. салаларына көптеген өзгерістер енгені мәлім. Жетпіс жылдан астам уақыт бойы жабық шеңберде өмір сүрген халық шекара ашылғанда әлемдік деңгейдегі жаңалықтар мен өркениет игіліктерін көруге, пайдалануға қол жеткіздік. Сол кезде сезілмегенімен өміріміздің барлық саласына біртіндеп жаһандану үдерісінің ықпалы жүре бастады. Әлбетте, теңгенің екі жағы болатыны сияқты, бұл процестің де оң және теріс әсерінің болуы – заңдылық. Сол өтпелі кезеңде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу халықтың тұрмысында қаншалықты хаос туындатса, әлеуметтік, ғылыми салаларында да соншалықты бейберекеттіктің орын алуына негіз болды. Тіліміздің кез келген өзгеріске ең сезімтал тұсы – лексикалық қабат десек, өтпелі кезеңде сол сөздік құрам өте көп мөлшерде жаңа сөздермен толықты. Атап айтатын бір нәрсе – тілші ғалымдар сол кезде шет тілдерінен алынған сөздерді түгелге жуық аударуға, қазақ тілінің сөздік қорынан оларға балама табуға тырысты. Мысалы, *жекешелендіру, пайыз, несие, сынып* т.б. сөздерді халық жатырқамай қабылдап, олар белсенді қолданылатын лексика қатарына еніп те кетті.

Тағдырдың жазуымен дүниенің төрт бұрышына таралған түркі халықтарының әлемдік сахнадағы рөлін күшейту мақсатымен тізе қосып әрекет ету керектігін еліміздің озық ойлы тұлғалары сол кезде-ақ айтқан болатын. Мысалы, академик Ә.Қайдардың қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру қажеттігі жөнінде ұсыныс жасағаны мәлім. Алайда, әртүрлі себептерге байланысты ұсыныс кейінге калдырылған-ды.

Тәуелсіздігіміздің ширекғасырлық тарихында еліміз қай жағынан болса да, едәуір жетістікке қол жеткізіп, енді руханият мәселесіне де назар аударатын кез келді. Сондықтан Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананы өзгертудің үлкен бір тетігі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесін қоюы табиғи жағдай деп санаймыз. Осы асыл мұратқа қол жеткізудің бер кепілі – рухани бірегейлікті, сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесімен өмір сүру салтымызды айшықтайтын озық дәстүрлерімізді сақтап қалу. Ұлт көшбасшысы рухани жаңғыруға қатысты ұлттық сана-сезімді дамытудың негізгі екі бағытын көрсетті десек, соның бірі – ұлттық код және оның өзегі ұлттық жазуға негізделген тіліміз болмақ. Бүгінде бір бөлігі батыстың, бір бөлігі шығыстың өмір сүру салтын ұстанып, әртүрлі ағымдарға ілесіп адасуда жүрген бауырларымыздың басын біріктіріп,

ұлт ретіндегі біртұтастығымызды сақтап қалуда ұлттық тілдің бірегейлігі шешуші рөл атқармақ. Сондықтан да латын негізді әліпбиге көшу барысында тіліміздің өміршеңдігі мен жүйесінің толық сақталуын қамтамасыз етуге тиіспіз.

Халықтың тарихи тамырының тереңдігін көрсететін маңызды бір фактор – оның тілінің тарихы десек, оның даму деңгейі жазуының тарихымен тікелей байланысты. Яғни, бүкіл тарихымыз жазу арқылы қатталады және жазу арқылы сақталып, болашақ ұрпаққа мирас етіледі. Сол жазу көзбен көру арқылы қабылданатындықтан, халық жадында тайға таңба басқандай анық көрініс тауып, орнықпақ. Сондықтан бабаларымыздан қалған рухани мұраны келер ұрпаққашашау шығармай, түгел, тұтас күйінде жеткізу қасиетті парызымыз деп білеміз. Осындай күрделі міндет ұлттық жазуымыз арқылы орындалмақ. Осымен байланысты, латын жазуына негізделген әліпбиге артылатын тарихи жүктің де салмағы ауыр болатыны заңдылық. Осыған орай тіліміздің лексикалық қорына қарқынды түрде еніп жатқан шет тілдерінің сөздерін латын графикасы негізінде таңбалауға байланысты бірқатар мәселелерге кеңірек тоқталғымыз келеді. Мәселен, тіліміздегі кірме сөздердің басым бөлігін экономика саласының терминдері құрайды екен. Сол тілдік бірліктерді қазақ тілінің лингвистикалық заңдылықтарына сәйкес былайша топтастырдық:

I. Орыс тілі арқылы бастапқы нұсқасын сақтап енген терминдер. Бұлардыөз ішінен құрамына қарай *дара және күрделі қолданыстар* деп бөлуге болады. Дара: *эволюция, резерват, оператор, монитор, экспонат, энергия, энергетика, бюджет, жоспар, экология, деградация, субсидия* т.б. Күрделі: *медиа-форум, термоядролық* т.б. Екі сөздің бірігуінен жасалған тіл бірліктеріне мысал ретінде *криптовалютаны* жатқызуға болады. Бұл жерде айта кетерлік жайт, *крипти* және *валюта* сөзі бірігіп, бір сөз ретінде таңбаланып отыр. Ал *медиа-форум* қос сөз түрінде сызықша арқылы берілген.

II Екі кірме сөздің бірігуінен құралған күрделі тілдік бірліктер: *евроцентристік, антропоцентристік* т.б.

III. Кірме сөз бен қазақтың төл сөзінің тіркесуі арқылы жасалған күрделі қолданыстар: *паромдық өткел, эгоистік мүдде, дағдарыс циклдәры, көлік-логистика*.

IV. Кірме сөз бен төл сөздің бірігуі арқылы жасалған лексемалар: *геосаясат, қалтафон, термоядролық*.

Осы келтірілген сөздерді латын әліпбиі негізінде жазуға байланысты бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Мәселен, терминнің бастапқы таңбалануы қандай еді? Ол орыс тіліне қандай өзгеріспен енді және қазақ тіліне қандай принцип бойынша қабылданды? деген жайттарға назар аудару қажет. Мысалы, 1-топтан *криптовалюта* сөзінің латын графикасымен таңбалап көрейік: *kriptovalúta-13*. Бұл жерде кирил қарпімен 12 әріптен тұратын сөз латын әліпбиі бойынша 13-әріппен таңбаланады. Бұған *ю*

дифтонгінің *и* және *у* әріптері арқылы жазылуы себеп болып отыр. Бұл сөздің түпнұсқасы:

*Crypto currency* («криптографическая валюта») екенін ескерсек, біздің тілімізге бірнеше өзгеріспен енгізіліп отырғанын байқаймыз. Бұл жерде қазіргі кезде тілші ғалымдар арасында дау туғызып жүрген «шет тілінің сөздерін тікелей ағылшынша дереккөздерден аламыз ба, әлде орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендірілген нұсқасында аламыз ба?» деген мәселе бой көтереді. Жоғарыда көрсетілген мысалдан байқағанымыз, *crypto* сөзінің бірінші әрпі *с* орыс тіліне *к* түрінде енген; *у* орыс тілінде *и* таңбасымен жазылған болатын. Латын негізді әліпбиде *и* және *й* дыбыстарына бір ғана *I* таңбасының меншіктеліп берілуі біршама қиындық тудырады. Сондықтан алдымен мұндай кірме сөздерді тікелей түпнұсқасынан аламыз ба, әлде орыс тілінің заңдылықтарына сәйкес игерілген кейпінде алған дұрыс па деген сұрақты біржақты етіп шешіп алған жөн.

Екі кірме сөздің бірігуінен құралған терминдерден 14 әріптен тұратын *евроцентристик* сөзін латын қарпімен таңбалап көрейік: *evrosentristikevrotsentristik-14*. Бұл жерде кирил әрпімен жазылған сөз 14 таңбаментұрса, оны латын жазуына көшіргенде де, графема саны сол күйде қалғанын көреміз. Келесі мәселе, осы сөзді түгелдей бас әріппен жазғанда бой көтереді. **EVROSENTRISTIK**. Мұнда *и* (*i*) және *і* (*i*) әріптерінің бас әріптік тұрпаты бірдей екендігі назар аудартады. Мұны дыбыстасақ, *евросентристик* болып шығады немесе *евросентристик* болуы мүмкін. Бұл жазудағы ала-құлалыққа алып келеді. Осындай кішкентай мәселелер жинақтала келе, көпшілік арасында сауатсыздықтың белең алуына себеп болуы мүмкін. Кірме сөздердің үшінші тобынан да мысалдардың таңбалануын келтірейік: *paromdyq ótkel, egoistik múdde, daǵdarys síkldary, kólik-logístika*. Терминдердің келесі тобына кірме сөз бен қазақ сөзінің бірігуі арқылы қалыптасқан тілдік бірліктерді жатқызған болатынбыз. Олардың латын әліпбиі бойынша жазсақ *geosaiasat-10*, геосаясат. Кирил нұсқасында 9 таңбаның, *я* дифтонгі *и+а*-ның қосарлануы арқылы таңбаланғандықтан, латынша нұсқаның 1 әріпке артқандығын көреміз. Ал *qaltafon* сөзін таңбалағанда айтарлықтай өзгеріс байқалмайды.

Сонымен, шет тілдерінен еніп жатқан терминдерді түпнұсқасын сақтай отырып жазу, тіліміздің табиғатына біршама қайшылық әкелетінін ескере отырып, олардың төл сөздік қорымыздан табылған баламаларын көбірек қолданған жөн деп ойлаймыз. Бұл – коммуникацияның түсініктілігін қамтамасыз ету үшін қажетті шарт. Әсіресе, мектеп оқулықтары мен БАҚ-та жарияланатын мәтіндерде осы принциптің басшылыққа алынғаны дұрыс. Ал ондай терминдердің бастапқы тілдегі нұсқасы лексикографиялық дереккөздерде қолданылғаны жеткілікті.

Тілімізден кірме терминдердің мағынасын тікелей жеткізетін балама табылмаған жағдайда, кірме сөзді қазақ тілінің дыбыстау заңдылықтарына сәйкес, бейімдеп алғанымыз жөн. Бұл *біріншіден*, тілдің тазалығына септігін тигізсе, *екіншіден* өзіндік орфоэпиялық нормаларының сақталуына мүмкіндік

береді. Мұны тіліміздің өзге тілдер ықпалына ұшырамай (ассимиляция), өзіндік дербестігін сақтап қалуы үшін жасалатын қадам деп санаймыз.

Қорыта келгенде, әлемдік өркениет көшіне ілесіп қана қоймай, көшбасшылыққа ұмтылуды көздейтін талапшылдығымызға сәйкес, біз қашан да жаңалық атаулыны құптайтынымыз рас. Бірақ ешбір реформаның бастапқы жоспарланған қалпында, қолмен қойғандай орындала салуы–тәжірибеде жоқ жайт. Сондықтан жазуымызды латын әліпбиіне көшіру барысында кездесетін проблемалар ортаға салынып, көпшілік талқысынан өткізілген соң ғана дұрыс шешімін табары анық. Бұл жерде «келісіп пішкен тон келте болмас» деген халық даналығын ескерудің берері мол болмақ.

*Әмірбекова Айгүл Бәйдебекқызы*  
*филология ғылымдарының кандидаты,*  
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі*  
*институтының жетекші ғылыми қызметкері,*  
*Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық топтың мүшесі*

### **Жаңа латыннегізді әліпби бойынша орфографиялық мәселелер**

Қазақ жазуы қалыптасқаннан бастап-ақ орфографиялық норма, емле мәселелері, оның қиындықтарын шешіп, біріздендіру сияқты тілдік саясат жүйесі қызметін бәсеңдеткен емес. Яғни сауаттылықтың бірізді заңдылығын тілдік тұрғыдан шешу мәселесі қазақ тіл білімі үшін өміршеңді зерттеу нысанына айналды. Жазуы даму үстіндегі, тілі өркендеген елдің тіл саясатында орфография мәселесі өзекті болары сөзсіз.

Қазақ тілі емлесі мен әліпбиінің тарихын терең үңілетін болсақ, ереженің өзгеруі тілдің ұлттық болмысын тұрақты сақтап қалу үшін емес, қоғам талабына қарай бейімделу уәжі басым тұратынын байқаймыз. Қазіргі таңда латыннегізді қазақ әліпбиі бойынша емле жасауда қазақтың табиғатына тән сөйлеу ерекшелігіне сүйене отырып, бірқатар сөздердің жазылуын «Ахмет Байтұрсынұлыша» таңбалауды қайта енгізу керек деген пікірлер өз ұсыныстарын жариялауда. Бұдан да басқа ескеретін жайттар көп. Бүгінгі күні қоғамда емле ережелеріне бағынбаудан туындайтын жағдайлар дұрыс жазудың бірізділік қалпын сақтай алмай отыр. Демек, емле ережелеріне қатысты мәселелерді жиі талқылап, жұртшылыққа насихаттап отыруымыз керек. Осыған байланысты жаңа латыннегізді әліпби бойынша емле ережелеріне қатысты ұсыныстарды былайша беруді жөн көрдік:

1. Я әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Сондықтан кирил жазуындағы я-ның орнына йа жазыла ма, иа жазыла ма, әлде тек и немесе а жазыла ма деген мәселенің басын ашып алу қажет. Мысалы, сөз басында кездесетін Ясауи, япыр-ау, яғни, ядро, яһуди, т.б. сөздерді *ia* дифтонг дыбысымен таңбалаймын. Жаңа әліпбиде и мен й дыбысына бір ғана *Ii* таңбасы берілгендіктен және өзінен кейін а жалғасатын болғандықтан, оны

дауыссыз й дыбысы деп ойша қабылдаймыз да соған орай тасымалған, буынға бөлеміз. Мысалы, *Iasaýı* - Ia -sa -úı. *Iaǵı* - Iaǵ - ıı.

Сөз ортасында және сөз соңындағы «ия»-мен берілген сөздердегі я-ның жазылуы. Зияткер, қиямет, қиял, қиян, қияр, қияқ, алдияр, қияш, қиятас. И (і) соңынан дифтонг дыбыс я (іа) жалғанғанда екі «і» қатар келейін деп тұр. Сондықтан бір і (и) түсіріліп жазылуы тиіс. Мысалы, *ziatker* (зияткер), *qıamet* (қиямет), *aldıar* (алдияр) деп жазылады.

Сөз соңында кездесетін я-ға байланысты емле де нақ осындай болуы тиіс. Мысалы, *мия* - *mıa* (мия), *автономия* - *avtonomia* (автономия), *биология* - *biologia* (биология), *химия* - *hımıa* (химия) *Әсия* - *Asıa* (Әсия).

Бильярд, коньяк, итальян, фортепьяно сияқты сөздерде «ь» белгісінің әсерінен я (йа) әрпіндегі «й» дауысты «и» қызметіне көшуі мүмкін. Мысалы, *билиард* - *bılıard* (би-ли-ард), *италиан* *italıan* (и-та-ли-ан), *фортепиано* - *forterıano* (фор-те-пи-а-но).

Дауыссыз дыбыстан кейін келетін Я дифтонгінің орнына иа жазылады да, екі буынды құрайды. Мысалы, *герцогиня* - *герцогиния* (гер-цо-ги-ни- а), *графиня*- *графиния* - гра- фи-ни -а, *князь* - *книаз* - *кни-аз*, *отряд* - *отриад* - *от-ри-ад*, *разряд* - *разриад* - *раз-ри-ад*.

2. Ю әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Дегенмен, осы әріппен таңбаланған сөздер өте көп. Оны қалай жазамыз деген мәселені анықтау қажет. Ю - дифтонг дыбысы йу-мен, иу-мен немесе у-мен таңбаланады.

Сөз соңында «ют» және «юс» болып аяқталатын сөздерде у жазылғаны дұрыс. Мысалы *парашют* - *parashút* (парашут), *абсолют* - *absolút* (абсолют), *плюс* - *plús* (плюс).

Сөз соңында және ортасында ию-мен берілетін сөздерде ю орнына у жазылғаны дұрыс. Мысалы, *кию* - *киу*, *қию*- *қиу*, *ию*-*иу*.

Сөз ортасында «юз»-бен берілетін сөздерде ю орнына у жазылғаны дұрыс. Мысалы, *экслюзив* - (эксклузив), *иллюзион* - (иллузион).

Бірбуынды сөздерде ю орнына йу жазылғаны дұрыс. Мысалы, *ою* - *ойу*, *аю* - *айу*.

Сөз ортасында дауыссыз дыбыстан кейін және ь белгісінен кейін келетін ю-ның орнына йу жазылғаны дұрыс. Мысалы, *продюсер* - *продйусер* (про-дйу-сер), *сюжет* - *сйужет* (сйу-жет), *валюта* - *валйута* (ва-лйу-та), *компьютер* - *компйутер* - (ком-пйу-тер).

### 3 Орфографиялық сөздікке жаңа сөздер:

СТ дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады. *Энциклопедист* - *энциклопедис+тің*, *энциклопедис+і*, *ономаст* - *ономас+тың*, *ономас+ы*, *программист* - *программис+тің*, *программис+і*, *сепаратист* - *сепаратис+тің*, *сепаратис+і*, *эверест* - *эверес+тің*, *эверес+і*. Бұл ережеге тест және тост сөздері бағынбайды.

ДЖ дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздерге жіңішке қосымша жалғанады. Мысалы, имидж - имиджі, имиджге, картридж - картриджі, картриджге, колледж - колледжі, колледжге, коттедж - коттеджі, коттеджге.

РД дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздер қатары көбейді. Олар міндетті түрде толықтырылуы тиіс. Емлесі өзгермей сол қалпында қалғаны дұрыс. Мысалы, корд (кордқа, корды), сканворд, скейтборд, сноуборд, стюард.

Соңғы дауысты дыбысын түсіріп қалыптасқан газет, минут қатарына *гардин* (гардина), *люверс* (люверсы), жаккард (жаккарда) енгізілуі керек.

ЕР дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздерге жіңішке қосымша жалғанады. Мысалы, брокер, постер, байкер, миксер, шейкер, тинейджер, франчайзер, эдвайзер, бульдозер, гейзер, лазер

НГ дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздер қатары толықты. Емлесі өзгермей сол қалпында қалғаны дұрыс. Мысалы, мониторинг (мониторингісі, мониторингіге), пейджинг, ранг, рейтинг, роуминг, тренинг, серфинг, скрининг, сленг, смокинг, спарринг, стерлинг, фланг, франчайзинг, холдинг, хостинг, инжиниринг, кастинг, кикбоксинг, клиринг, консалтинг, лизинг, маркетинг, боулинг, брифинг, лифтинг, шейпинг, пилинг

УС дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздерге жуан қосымша жалғанады. Мысалы, фикус (фикусқа, фикусы), фокус, цитрус, эогиппус, кампус, бонус, вирус, гипоталамус, модус, консенсус, корпус, минус, нотариус, радиус, ребус, силлабус.

ЕЖ дыбыстар тіркесіне біткен әрбуынды сөздерге жіңішке қосымша жалғанады. Мысалы, кортеж (кортежге, кортежі), манеж.

ЛЛ дыбыстар тіркесінен жасалған сөздер емлесі. Сөз ортасында және сөз соңында қосарлы (лл) л-мен жазылатын сөздер. Мысалы, *Илалла, иллюкутив, иллюзион, интеллигент, каллиграфия*. Қосарлы л (лл) таңбасымен өзгертпей жазғанымыз дұрыс. Біріншіден, қосарлы лл-ы ерекшелігі бар сөздер терминдерде кездеседі. Әсіресе халықаралық терминдердің жазылуын өзгертудің қажеті жоқ сияқты. Екіншіден, тілімізде лл-мен берілетін сөздер ауызекі қолданыста кеңінен жұмсалып жүргендіктен, жазылуы да дағдылы. Мысалы, Алла, астапыралла сөздерін қатесіз қосарлы лл-ды біреуін түсірмей-ақ жаза аламыз.

ИЙ дыбыстар тіркесінен жасалған сөздер емлесі. Соңы ий-мен аяқталатын сөздер: *таллий, фермий, цикорий, элювий, эпителий, алюминий, барий, ванадий, галлий, гелий, гербарий, гидроксоний, элювий*. Жаңа әліпбиде и және й бір әріппен (i) берілгендіктен, қосақталған и мен й орнына бір ғана i жазылуы тиіс. tallı, fermı, sikorı, eliıvı.

Кірме араб сөздерінің ішінде жарыспалы қолданылып келген дублет сөздер жиі қолданылу нәтижесінде жеке мағынаға ие болып бөлек-бөлек лексикалық бірлік ретінде танылды деп есептеймін. Мысалы: үкімет (правительство) - өкімет (власть), хабар (известие) - ақпар (сводка), ғылым (наука) - ілім (учение), әрекет (действие) - қарекет (тіршілік - поступок, попытка). Қарекет болмай берекет болмас (без попытки нет добра). Пейіл



([доброжелательность](#)) - пиғыл (умысел). Пейіл - жағымды коннотаттық мағынада жиі қолданысқа ие болып, ақпейлі, кішіпейіл, шын пейілімен, кеңпейіл сөздері арқылы дәйектеле түсті. Ал пиғылдың негативті мағынасы басым түсті. Арам пиғылды, пиғылы тар, т.б қолданыстардағы жиілігі арқылы дәлелденді. Сондықтан олардың бірі әдеби, бірі сөйлеу тілінің варианты емес, екеуі де әдеби тіл қатарынан орын алған лексема ретінде сөздікке енгізу қажет.

### **Қазақ тілінің лексикалық қабатын сөздікте қамту мәселелері: терминдер мен этнографизмдер**

Қазақтың рухани құндылықтарын, тілдің қазынасын танытатын көне ескіліктер жаңа әліпбиімен дайындалатын сөздіктерде түгел қамтылуы тиіс. Ол үшін сөздіктерге енбей қалған этнографизмдерді жинақтап, олардың дұрыс жазылу жүйесін орфографиялық нормаға бейімдеп дайындау қажет.

Қазіргі таңда біріккен көне сөздер мен жаңа қолданыстағы сөздердің жазылуында орфографиялық ереженің жаңаруы байқалады. Мәселен, той сөзімен тіркесетін де, бірігетін де сөздер көбейді. Қазақтың этнографиялық мәні жоғары той сөзінің негізгі мағынасы - қазақ халқының мәдени өмірінде ерекше орын алатын адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өту дәстүріне сәйкес өткізілетін дүбірлі салтанатты жиын. Мысалы, *сүндет той, үйлену тойы*. Тойдың осындай бірнеше түрлері болғандықтан және ондағы той мағынасы дүбірлі салтанатты жиын мәнінде қолданылғандықтан аталмыш атаулар бөлек, тіркес күйінде жазылады. Ал енді қазіргі қолданыста тойдың екінші мағынасында қолданылатын, яғни айтулы дата, мерекелі, даталы күн мағынасында жұмсалатын сөздер қатары көбейді. Бұндай жағдайда тоймен тіркескен сөздер бірігіп жазылады. Мысалы, *мерейтой, алтынтой, күмістой, қоныстой*, т.б. Себебі бұл жерде тойға акцент берілмейді. Той негізгі мағынасында емес, бірінші сыңардың айтулы күн екенін білдіру мәнінде ғана жұмсалады. Себебі бұндағы тойлардың қызметі - ерекше күн екенін айқындау. Ал бесік тойдағы тойдың үйлену тойдағы тойдан қызметі де мәні де өзгеше. Бұл тойлардың әрқайсысының өзіне тән салты, дәстүрі, ырым-тыйым бар. Санада сондай мазмұнда сақталады. Сол сияқты ағаш сөзімен де бірігіп, бөлек жазылатын сөздердің моделі осы айтылғандарға сәйкес келеді. Мәселен көнеден келе жатқан *іінағаш, мойынағаш (су таситын құрал), жерағаш (соқа), тісағаш (диқаншы құралы), атағаш (ат байлайтын мама ағаш), белағаштар (арба құралы)* тұрмыстық қолданыстағы құралдардың атауы. Бастапқы мағынасынан айрылған, яғни кәдімді жайқалып өсіп тұратын өсімдік мәнінде емес, сол ағаштан жасалған құрал атауына айналған. Демек, бұл атаулардың бірінші сыңары қолданыс аясына қарай басымдыққа ие болып, екінші сыңарының мәнін көмескілендірген. Сондай-ақ *әулиеағаш* этнографизмі де осылардың қатарынан орын алады. Ал *білік ағаш, жарма ағаш, ибей ағаш, өре ағаш, салтқы ағаш, сайғау ағаш, өсімтал ағаш, серу ағаш, сидам ағаш, шом ағаш, шынар ағаш* сияқты тіркесті сөздердің бірінші сыңары ағаштың

қасиетін, түрін, сипатын танытатын айқындауыштық қызмет атқарғандықтан бөлек жазылады.

Тілімізде біріккен сөздер қатарын толықтыратын сыңар сөздердің саны көбейіп келеді. Мәселен, адамның дене мүшелеріне ұқсатуына орай туындаған атаулардың ішінде басымдыққа ие болып отырғандары: *көз (алакөз, жаутаңкөз, көзәйнек, көзжақсы), бас (қазанбас, қарабас, қасқабас), құлақ (қосқұлақ, айқұлақ, құймақұлақ, саққұлақ, салпаңқұлақ, саңырауқұлақ), аяқ (жалғызаяқ, жолаяқ, желаяқ, сегізаяқ)* т.б. Көне сөздердің бірі - аяқ (ыдыс мағынасында). Осы мағынада тіркескен сөздердің барлығы бірігіп жазылады. *Шыныаяқ, саптаяқ (кіріккен сөз - сапты аяқ болған), ағашаяқ, жүкаяқ, итаяқ.*

Осылайша біріккен сөздердің ортақ бірігуші сыңарларының қатары көбейген сайын, бірге/бөлек жазылатын сөздердің моделін қайта қарастырып, жаңалап отыруға тура келеді. Себебі күннен күнге тілімізге жаңа сөздер қосылып, көне сөздер жаңғыртылып жатыр. Ең бастысы олардың жазылу моделін шатастырып алмау қажет. Тілімізде салт-дәстүрлерге, кәде-жоралғыларға, ырым-тыйымдарға қатысты әлі де таныла қоймаған көне сөздер көп-ақ. Этнографизмдердің таңбалануын арнайы зерттеудің де ерекше мәні бар. Себебі көне атаулардың барлығы дерлік екі сөздің бірігуінен жасалған. Сондай-ақ сөз тудырушы жұрнақтар жалғануы (ар, ер: ізашар, атұстар, көйлектігер, т.б) арқылы аталым сипатқа ие болады. Осы тұста да бірге/бөлек жазылу принциптерін анықтауда қиындықтар туып жатады.

1. Этнографизмдердің латын әліпбиінде таңбалануын талдамас бұрын, орфографиялық сөздікке енгендерін жинауға тура келеді. Бұларды жаңа орфографиялық сөздікке міндетті түрде енгізу қажет.

**АЙҚАЛЫП** – жарты ай бейнесін түсіретін құйма қалып түрі. Мұндай қалыпты көбінесе сырға, шытыра дайындауға қолданған.

**АЙНАҚАП / АЙНАҚАЛТА** – опа, айна тәрізді сәнденуге қажетті бұйымдарды салып, шымылдыққа іліп қоятын бұйым. Айнақап төртбұрыш пішінді, тұмарша тәрізді қақпағы жабылатын етіп ақ киізден жасалады.

**АЙТИЕК** – шертпелі саз аспаптарында қоңыр үн шығаруға мүмкіндік беретін тетік, аспап бөлшегі.

**АЙЫЛТОҒА** – айыл, белдік, белбеу сияқты т.б. бұйымдардың бір ұшындағы тілшелі металл тоға, жырымның киілетін шығырық өткізілген екінші басы немесе айыл-тартпаның басына өткізіп жасалған ілмек бекіткіш.

**АЙЫРҚОМ** – ат жауырынын қажамайтын етіп жасаған ер түрі. Жауыр болғанда айырқом салынады.

**АЙЛГЕК** – әйелдердің камзол, шапан тәрізді үй киімдері мен сырт киімдеріне тағатын мүйізден әшекейленіп жасалған, ай орағына ұқсас, көлемі баланың саусағындай сүйектен жасалған түйме түрі.

**АҚТАЙҒАҚ** – қой, ешкі және сиыр түлігінде кездесетін індет атауы.

**АҚАНДОЗ** – пештен, ошақтан күл алу үшін сабын ұзынша етіп қаңылтырдан жасаған құрал, қалақ.

АҚЖІГІТ – қайыс өңдеуде қолданылатын құралдың атауы. Әсіресе, қайыстан өрме өретін шеберлер жиі қолданады.

АҚҚОЛ: АҚҚОЛ АНА – дәстүрлі ортадағы жүкті әйелдерді босандыратын тәжірибелі әйел, жәрдем жасайтын «маман».

АҚНОҒАЛА – адамның көзінің қарашығын айнала шығатын ақ түстік дақтардан болатын ауру атауы. Көзге шел қаптау.

АҚСАҚТЕМІР – асыл болаттан соғылған ұштары үшкір, әрі қырлы қос сирағы бар шеберлік құралы.

АҚТАҢЛАҚ – малда кездесетін тері ауруының атауы.

АҚТОРЫҚ – патшалық Ресей кезінде Ертіс жағалауындағы әскерилер есебіне берілген жерлеріндегі қазақтар жалға алып пайдаланатын жайылым атауы.

АҚЫИЕ – дәстүрлі қазақ қоғамында әдет-ғұрыптық құқықта қолданылған ұғым, билерге жүгінген зәбір шегушінің ең жақын жанашыр адамының атауы

АЛАПА-ҮЛЕПЕ – орта ғасырлық түркі-моңғол елдерінде мемлекеттің тұрақты қызметіндегі әскердің ат-көлігін ұстауға қажетті хан, мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат

АНЖЫ – аттың жауыр жарасын, түрлі соқталы жарақаттарды емдеуде қолданылатын тәсіл атауы.

АНТСҮЙЕК – соғымға сойған мал етінің сақталған ең соңғы кәделі (ақтық) мүшесі.

АПАНАҚ – аюдың бір жастағы баласының атауы.

АРАЛА – дәстүрлі емшілікте қолданылған собық шөп.

АРЫСБАСЫ – елбасы, елдің иесі, билік жүргізуші дегенді білдіретін ұғым, тоғанақтың иесі

АТТҰМАР – магиялық, мистикалық сенімдерге негізделген, тіл-көзден сақтайтын ат мойнына тағылатын фетиштік зат, тұмар түрі.

АТТАРАҚ – аттың түгін тарайтын тарақ, жылқыны баптап, күтуге арналған құрал.

АТТҰЯҚ – үлкен, жылқы тұяғымен барабар алтын немесе күміс құйма.

АШҚҰРСАҚ – малдың артқы санының жамбас тұсындағы ойыстау келген тұсы.

АШМЫҚ – ұннан, дәннен қуырған тұз салып, айран қосып ашытқан сусын.

АЮБАСҚЫ / АЮБАСТЫРЫҚ / – аю аулаудағы сирек кездесетін амал-айлалардың бірі.

ӘБІЛХАЯТ – мәңгі өмір дарытатын қасиетті су.

ӘЙКЕЛТҰРМАН – әдетте мата, қымбат матаға күміс, зер шытыраларды қадап әшекейленіп безендірілген ат әбзелінің атауы

ӘЙКЕЛҚҰДЫҚ – кенересі құламас үшін бетіне ортасы тесік үлкен дөңгелек тас қойылған құдық.

ӘЛІМБОТҚА – егінші қазақтар арасында құдайы тамақ беру дәстүрімен байланысты дайындалатын, егіс басында құрбандыққа шалынған малдың етіне тазартылған бидайды қосып жасайтын тағам түрі.

ӘРІ-СӘРІ – екі немесе үш-төрт айлық қозы терісінің атауы.

ӘТТІК - қармақтың тілі. Жем салынған қармақты балық қапқанда, Әттік бір жерге ілініп, жемтікті не әрі, не бері жібермей тұрады.

ӘТІРҚҰТЫ– қош иісті әтірді сақтайтын ыдыс. Әтірқұтының көлемі боқшаға немесе қалтаға салып жүруге ыңғайлы етіп жасалады.

БАЙМӨҢКЕ – ұшында қуыс өзегі бар, ағаш кәсіпшілігінде қолданылатын құрал.

БАЙШӨГЕЛ– мағыналық қасиеті қою, белгілі ұғымдардың басын қосып тұратын, билер қолданатын көнеден жеткен түйінді сөздің атауы. Б.-і айтылмай, дау-дамай дұрыс шешілмеген

БИЕҚЫСЫРАМАС – өсіп-өнудің ырымдау бойынша жұртқа берілетін кәде.

БИТТАРАҚ– шашқа түскен бит, сіркені тазартуға арналған құрал.

БӨГЕРНАЙ – би, батырлар қол қойған іздеу қағаз, ерекше құжат.

БӨНТІР – талдан иіп, конус тәрізді етіп жасалған аудың бір түрі.

БӨРІАУЫЗ – темірді қысып тұратын аспап.

БӨРІҚҰЛАҚ– қасқырдың құлағына ұқсастырылып жасалған өрнек.

БЕКБАТША – бура мен аруанадан туған будан.

БЕЛҚАНЖЫҒА– жаяу аңшы құралы.

Айта кететін жайт, *асүй, қонақүй, ауызүй, бозүй, жатынүй, қараүй (этно.), төрүй* бірге жазылады. Себебі бұндағы үй бастапқы мағынасында емес, ғимарат, бөлме ұғымындағы күңгірт мағыналарында жұмсалып, негізгі басымдық үйге емес, бірінші сыңарға түсіп тұр. Бұндай жағдайда екі денотат бірігіп, бір атау мәнінде жұмсалғанда сөздер бірігеді. Ал *белдеу үй, киіз үй, дөңбек үй, дабыл үй* бөлек жазылады.

Демек, аң, құс, өсімдік, жиһаз, ойын, кәде, салт, жоралғы атауларындағы біріккен сөздер қосарланып бір ғана атау мәнінде жұмсалса бірігіп жазылады. Егер бірнеше түрлерін сипаттайтын ажыратушы мәнде қолданылса бөлек жазылады. Мысалы, қамшының түрлері (соп қамшы, дырау қамшы).

### **Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылатын, орфографиялық сөздікте жоқ жаңа стереотиптік атаулар:**

**Бетсыдырғы** - ат үсті қарау. *Бүгінгі ұрпақтың бетсыдырғы* білім мен өнерге атүсті жеңіл көзқарасына жаны қастығы хас шебердің бет-алпетінен сезіледі. ([muslimamze.kz](http://muslimamze.kz)).

**Бозборан** - алаңсыз. *Қолдарындағы сәмбі талдың солқылдаған жас шыбығымен обал-сауапты ойламастан басы мен құлағын бозборан соққының астына алады* ([tattialma.kz](http://tattialma.kz)).

**Шөпкетышарлар** - шенеуніктер. *Ал, облыстың тұтқасын ұстап отырған шөпкетышарлар өздерін сынағаным үшін жынын құсқан жалақор Бекбосынды маған айдап салып, мені мұқатпақшы болды. «Қазақ әдебиеті» газеті, 5 қазан 2015ж*

**Нәзікжандылар** -әйелдер. *Елімізде нәзікжандылар басқаратын кәсіпорындардың қатары 28%-ға артты.*

**Қарадомалақтар** - қазақ балалары. *Пеленің отанынан оралған қарадомалақтар футболдың түрлі әдістерін жетік меңгеріп келді. «Жас қазақ» газеті, 20 мамыр 2015ж*

**Қысықкөздер** / *qysyqko'sder* - қытайлар. *Еліміздің жалпы аумағында 300 мыңнан астам қысықкөздер тіркелген дейді. «Қазақстан-Заман» газеті, 4 сәуір 2014ж*

**Жаутаңкөздер** -жетім. *Жат елдегі жаутаңкөздер. Мысалы, америкалықтар 1999-2011 жылдар аралығында шетелдерден 233 мың 934 бала асырап алса, оның 6 мың 421-і – қазақстандық жаутаңкөздер! «Астана ақшамы» газеті, 14 наурыз 2015ж*

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу қарсаңындағы негізгі лингвистикалық қағида - этнографизмдердің барлығы орфографиялық сөздікте қамтылуы. Себебі басқа лексикалық бірліктермен салыстырғанда көне ескіліктердің жазылуы (біріккен, қос сөз, тіркес) ерекше. Екі немесе үш сөздің бірігуінен жасалатын сөзжасамдық жүйе этнографизмдерге тән. Сондықтан оларды тұрмыстық лексикадағы тіркес қолданыстармен шатастырмау үшін түбегейлі жинақтап орфографиялық сөздікке енгізу қажет.

Кез келген тілде терминжасам процесі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылады. Демек, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, терминдер қатарында сол тілге тән әр түрлі құрылымдылық типтері кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б.

Медицина терминдерінің төл тілімізге аударылуында кейбір олқылықтар бар екені байқалады. Жаңа латын әліпбиіне көшу қарсаңында термин аудармаларында кездесетін күмәнді нұсқаларды өз алдына бөлек жинақтап, арнайы талдаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай күмән келтірілген, аударылған терминдер жиналды.

Мысалы, амастия - емшексіздік, аменория - етеккірсіздік, амиелия - жұлынсыздық, амимия - ымсыздық, адентия - тіссіздік, адермия - терісіздік, аноксемиа - оттегісіздік, анорексия - тәбетсіздік, анорхизм - атабезсіздік, апраксия - ептейсіздік, асинергия - әрекетсіздік, аспермия - шәуетсіздік, атрихоз - жүнсіздік, ахейлия - ерінсіздік, ахилия - сөлсіздік, ахромия - түссіздік, безрассудство - ессіздік, беспомощность - дәрменсіздік, декомпозиция - үйлесімсіздік, диспропорция - сәйкессіздік, импотенция - белсіздік, меланхолия - көңілсіздік, недостаточность - жеткіліксіздік, непрерывность - үздіксіздік, авитаминоз - дәруменсіздік, аглоссия – тілсіздік, аденостения - безәлсіздік

Демек, жоғарыда аталған аударма баламалардың терминжасам жүйесіндегі моделі - «сіздік» - «а» префиксінің орнына қызмет етіп тұр. Дегенмен, қазақ тілінде «сіздік» қосарлы жұрнағы жалғанғанмен, термин ретінде қолданыс таба алмайтын жағдайы ескерілмегені байқалады. Себебі кейбір сөздердің лексикалық мағынасында жағымсыз реңктер болатыны ескерілмеген. 2014 жылы ұсынылған «Қазақша - орысша, орысша-қазақша» терминдер сөздігін жасау барысында медицина қызметкерлері тікелей

қатысқаны, олардың халықаралық терминдерді төл тілімізге аударылуына ерекше көңіл бөліп, төл терминдер қатарының көбеюіне елеулі үлес қосқаны анық. Дегенмен, лингвистикалық терминжасам заңдылықтарын қатаң сақтамағаны, бағынбағаны байқалады. Жаңа латын әліпбиіне көшу қарсаңында жоғарыда аталған аудармаларды сұрыптап, тек дұрыс аудармаларды төл термин ретінде қабылданатынын қалдырған дұрыс. Мысалы, меланхолия - халықаралық термин, темпераменттің (туа біткен мінездік) бір түрі. Оған «көңілсіздік» деген балама келмейді. Себебі меланхолияның бүкіл болмысын таныта алмайды. Көңілсіздік - меланхолияның тек бір қыры ғана және бұл ассоциативті таным көрінісі. Сондықтан «меланхолия - көңілсіздік» - ұғымды аударма деп саналмайды.

Сол сияқты «атрихоз - жүнсіздік». Атрихоз негізінен адамның шашсыз болуы. Шаштың толықтай түсіп қалуы немесе шашсыз болуы. Сондықтан жүнсіздік атрихоз мағынасына балама болуға сәйкес келмейді. Оның үстіне жүнсіздік деген жағымсыз, ұнамсыз естіледі.

Сондай-ақ терминдердің әртүрлі нұсқада жазылуына байланысты көп қателіктер туындап жатады. Әсіресе ресми ісқағаздарын рәсімдеу жұмыстарында кейбір терминдерді жасау жүйесі орфографиялық сөздіктегі емлеге бағынбайды. Мәселен тілімізде хат сөзінің тіркесуі арқылы жасалған құжат атаулары көп. Хатпен тіркесіп келетін сөздер бірде бөлек жазылады, бірде бірге жазылып жатады. Оған халықаралық байланыс, ісқағаздары ісінің қоғам дамыған сайын жетілуі, соған орай кірме терминдерді аудару ісіндегі бірізділік пен емленің сақталмауы басты себеп болып отыр. Мәселен, хаттың түрі көбейген сайын, оның жазылу бірізділігінде де ауытқулар болып жатыр. «Сопроводительное письмо» тіркесімен жазылатын кірме сөз төл тілімізге ілеспе хат болып аударылып енді. Орфографиялық сөздікте қазақ тілінің заңдылығына сәйкес оны біріктіріп жазды. Бірақ көпшілік қолданыста екі тіркеспен бөлек жазылатын орыс нұсқасына бейімдеп тіркеспен жазатындар жиілеп бара жатыр. Сондай-ақ «благодарственное письмо» баламасы алғысхатта бөлек жазылуға дағдыланып отыр. Осындай бір сөзбен тіркесетін бірнеше атаулардың бірге немесе бөлек жазылатынын айқындап көрсету қажет. Себебі әрбір бес жыл сайын оның қатары көбейіп отырады. Мысалы:

**Хат сөзімен бірігетін және тіркесетін атаулар. Бірге жазылатындар:** колхат, сенімхат, жеделхат, ілеспехат, бастаухат, баянхат, дабылхат, жолдаухат, келісімхат, кепілхат, қолдаухат, құзырхат, құттықтаухат, мағлұмхат, нұсқаухат, сәлемхат, телефонхат, түсінікхат, тілхат, үндеухат, факсхат, хұснихат, ықтиярхат, алғысхат, мәжілісхат, жауапхат, бейнехат.

**Бөлек жазылатындар:** жабық хат, ашық хат, міндеттеме хат, қызметтік хат.

Тілдің жазу нормасындағы бірізділік сақталу үшін хат сөзімен келетін құжат атауларының барлығын біріктіріп жазу дәстүрін қалыптастыру керек.

Қазіргі тілдік қолданыста терминжасам жүйесінде сыңар сөздің көмегімен аударылып жатқан терминдер көп. Мысалы: ақы сөзін бірнеше терминдердің сыңары ретінде қызмет етіп, бірге жазылып жүр.

**Ақы сөзімен бірігетін және тіркесетін атаулар. Бөлек жазылатындар:** адал ақы, абонементтік ақы, айлық ақы, аккордтық ақы, жалдама ақы, кесімді ақы, қосымша ақы. **Бірге жазылатындар:** жалақы, зейнетақы, билікақы, жәрдемақы, жолақы, қаламақы, қызметақы, өсімақы, өтемақы, пәтерақы, сыйақы, төлемақы, үстемеақы, шәкіртақы, жамбасақы (этно), жүрімақы, кепілақы, көзақы (этно), кірақы, қарымақы, қолақы, сұтақы (кәде), айыпақы, борышақы.

### **ҚАЗІРГІ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕ БАР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР**

**КЕҢ ҚОЛТЫҚ/ кеңқолтық** орфографиялық сөздікте бөлек жазылған, ал жиілік сөздікте бірге берілген. Интернет басылымдарында үнемі бірге жазылып беріледі. *Қазақтың кеңқолтық қонақжайлылығына, дархандығы мен бауырмалдылығына ешкімнің шүбә келтірмесі анық. (Жас алаш 2003). Қазақ - кеңпейіл, кеңқолтық. Соған қарап оны мәнжубас, момын, жуас екен деп ойламасын (Айқын 2011). Тағдырлы тарихында түрлі себептермен атажұртынан алыстап, кеңқолтық қазақтың бауырына кіргендер. (Қазақ әдебиеті 2009).* Жиілік сөздікте беріге жазылуының басты себебі де барлық функционалды стильдегі мәтіндерде кеңқолтық сөзі бірге жазылған.

Кең қолтық дарқан, кеңпейіл (1), бейқам, алаңсыз, қамсыз (2) деген мағынаны білдіреді. Демек, ақкөңіл, кеңпейіл сөздерінің қатарынан орын алып бірге жазылуы тиіс деп ойлаймын.

**БЕТ ӘЛПЕТ/ бет-әлпет.** Орфографиялық сөздікте бөлек жазылған *бет әлпет* тіркесі жиілік сөздікте қос сөз (бет-әлпет) түрінде берілген. Жиілігі - 20 рет. Ғылыми стильде бет-әлпет түрінде қосарланып жазылып жатыр. мысалы,

Бет және әлпет - өзара мағыналас сөздер. Осыған орай олар қос сөз болып жазылуыға тиісті және тілімізде бет-бейне, бет-ажар сияқты қос сөз түрінде берілген модельдері де бар. Осыған сүйене отырып, бет-әлпетті қосарландырып жазуды жаңа латын әліпбиінің орфографиялық сөздігінде ескеру маңызды. Аталмыш мәселені талдау барысында орфографиялық сөздікте жоқ кейбір сөздердің де ұмытылмай берілуін ескеру қажет. Мысалы: *бет-пішін, бет-бағдар.*

**БІТЕ ҚАЙНАСУ/бітеқайнасу.** Орфографиялық сөздікте бөлек жазылып жүр. Бітеқайнасқан, бітеқайнаса, бітеқайнасып деп бірге жазылу жиілігі жоғары. Демек бірге жазылуға сұраныс көп. Аталмыш ұғым да атсалысу сияқты фразеологиялық тіркесінің кіріккен формасы. Сондықтан бітеқайнасу деп біріктіріп жазылғаны дұрыс деп санаймын. Жиілік сөздікте «бітеқайнас» етістігі 11 рет біріктіріліп жазылған.

**БОЙ ЖАЗУ/бойжазу.** Орфографиялық сөздікте бөлек жазылып жүрсе де уақыт өте келе қазіргі қолданыста «бойжазу жаттығулары», «бойжазу режімі», «бойжазу шаралары» тіркестерінде бір денотаттық мәнде біріккен

сөз ретінде көрініс тауып жүр. Осыған орай аталмыш фразеологиялық тіркесті жеке аталым ретінде, бір ұғым ретінде қабылдап бірге жазғанымыз дұрыс деп ойлаймын.

**МАМЫРА-ЖАЙ/мамыражай.** Орфографиялық сөздікте қос сөзбен жазылған мамыра-жай атауындағы жай сөзі «жайлы, жайма шуақ рақат» деген мағынаны білдіріп тұр. Қора-жай, мал-жай секілді орын тұрақ емес. Сондықтан шаруажай, бейжай үлгісінде бірге (мамыражай) жазылуы тиіс деп ойлаймын.

**БАС ТАРТУ/ бастарту.** Бас тарту ұғымы отказ сөзінің аудармасы ретінде терминдік қолданысқа енді. Бөлек жазылатын осы фразеологиялық тіркесті де біріктіріп жазуға болатын сияқты. Себебі бір ғана әрекеттің атауына айналды. Басқосу моделіне ұқсас. Мысалы, «отказное заключение» термині бастарту қорытындысы деп, «письмо-отказ» бастарту хаты деп беріледі. Тілімізде «бас тарту» кәдесі тағы бар (қойдың басын тарту). Әрине кәде атауы бөлек жазылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде қазіргі орфографиялық сөздіктегі кейбір сөздер емлесіне бағынбау жағдайы кең етек алып бара жатыр. Мысалы:

1. Ауылы /аулы), дауысы /даусы сөздерінің емлесі ескерілмейтін жайттар жиі кездеседі.

2. Қитұрты сөзінің құйтұрқы варианты тең дәрежеде жарыспалы қолданылады. Босаң норма қатаң нормаға айнала алмай отыр.

3. Ыстамбұл (Стамбул), Пәкістан (Пәкстан), Әзірбайжан (Әзербайжан) жарыспалы қолданыстары жиілене бастады.

4. баскиім (бас киім), мекенжай (мекен-жай), балабақша (бала бақша) біріккен сөздер емлесін қалыптандыру өте ұзаққа созылды. Әлі де қате жазу жағдайы кездеседі.

5. Кәстөм, пәлте, сөмке, кепкі, мәйкі сияқты қазақ тіліне сындырылған кірме сөздердің қолданыс жиілігінің төмен болуы.

Осы сияқты орфографиялық мәселелер қазақ тілін оқыту стандартында тереңірек қарастырылмағандықтан, іс-қағаздарымен айналысатын қалам ұстаған қоғамның (БАҚ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, т.б) орфографиялық сөздік пен емле ережелерімен таныс болмауынан туындап отыр.

Алдағы жана латыннегізді әліпби бойынша жасалатын емле ережелерін жасауда аталмыш мәселелер ескерілуі керек деп ойлаймын.

*Мамырбекова Гүлфар Мәжитқызы*  
*филология ғылымдарының кандидаты,*  
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты*  
*Тіл тарихы және диалектология бөлімінің меңгерушісі,*  
*Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық топтың мүшесі*



## Әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби лексикаларды «Орфографиялық сөздікке» енгізу мәселесі

Бүгінгі таңда латын графикасы негізінде мемлекеттік тілді реформалау мәселесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынып жатқан ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Латын әліпбиіне кезең-кезеңмен өтуді қамтамасыз ету үшін арнайы төрт топ құрылғаны мәлім. Қазіргі таңда осы топтар құрамына енген А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының белді ғалымдары ескерілуі тиіс және басты назар аударуды қажет ететін мәселелерді нақты ғылыми тұжырымдар негізінде талдап, зерттеп жатыр. Мәселен, орфографиялық топ құрамындағы профессор Н.Уәлиұлы, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжан бастаған бірқатар ғалымдар ортологиялық құралдар жасаудың ғылыми тұжырымдамасын әзірлеп (ортология термині теориялық негізге сүйенген «дұрыстық» деген ұғымды білдіреді), бірқатар мәселелерге басты назар аудару қажеттігін көтеріп отыр. Атап айтқанда, «бір әріпке бір фонема» қағидасы бойынша үнемдеу принципін басшылыққа алу (*сау* деп емес, *caу* деп таңбалау), в таңбасы соңғы латын әліпбиінде кездеспейтіндіктен, олармен дыбысталатын интерсөздерді таңбалауда бір нұсқаны орнықтыру (*вагон* – *багон* ба, *уагон* ба, *автор* – *аптыр* ма, *аптор* ма), күні бүгінге дейін жарыспалы вариантта қолданылып жүрген араб, парсы сөздерін (*арафа/арана*, *пәренжі/паранжа/фаранжа*, *кәлам/кәләм* т.б.) біріздендіру, «Негізгі орфографиялық ережені» әзірлеп, соның негізінде «Орфографиялық сөздіктің» түр-түрлерін (академиялық сипаттағы орфографиялық сөздік, мектепке арналған орфографиялық сөздік, көпшілікқолды орфографиялық сөздік) шығару, сөздердің бірге не бөлек жазылуын, жалқы есімдердің жазылуын, кірме сөздердің жазылу тәртібін нақтылайтын орфографиялық анықтағыш даярлау мәселелерімен мұқият шұғылдануда. Ал қазақ тілі дыбыстарының төл табиғатын, акустикалық, артикуляциялық ерекшеліктерін тұңғыш рет талдап берген ғалым, профессор Ә.Жүнісбек қазақ тілінің өзіне ғана тән төл дыбыс құрамының басын ашып алу, қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіріп, қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле ережелерін қайта дайындау, қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайықталған әліпбидің бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керектігі сынды өте өзекті мәселелерді көтеріп келеді.

Ал терминологиялық топ құрамындағы Қ.Айдарбек, Б.Жонкешов бастаған ғалымдар қоғамдық, техникалық, жаратылыстану салалары бойынша енген халықаралық терминдерді латын әліпбиімен транслитерациялау, транскрипциялау барысында терминдердің не ағылшын, не орысша нұсқасын таңбалау (*девальвация* - *devaluation*, *инновация* - *innovation*, *импичмент* - *impeachment*, т.б.), аударылған терминдердің бірнеше нұсқасының ішінен біреуін іріктеу (*тратуар* – *аяқжол*, *жиекжол*, *жасаяусоқпақ*; *патриот* – *елжанды*, *ұлтжанды*, *отансүйгіш*, т.б.), аудармасы қатар қолданылып жүрген терминдердің не аудармасын не өзін қалдыру

(*парламент төрағасы – спикер, қысқа қашықтыққа жүгіруші – спринтер, т.б.*) мәселелеріне басты назар аударуды ескертіп, сол бағытта жан-жақты лингвистикалық талдаулар жасап жатыр. Сондай-ақ, Қ.Рысберген бастаған ғалымдар ономастикалық атаулардың қалыптасқан халықаралық стандартын қалдыруды немесе орыс тіліндегі нұсқасын сақтауды (*Рим - Rome, Испания - Spain, Грекия - Greece*), жіңішкелік белгісі (ь) мен жуандық белгісі (ъ) бар атаулардың латын әліпбиімен таңбалаудағы қиындықтарын (*Olga - Ольга, Вольное – Volnoe*) шешуді қарастырып жатыр.

Мемлекет тарапынан құрылған топтар құрамындағы Тіл білімі институты ғалымдарының жоғарыда айтылған мәселелерді жан-жақты әрі тіл мамандары ретінде талдау елегінен өткізіп барып, бір шешімге келуі ұлттық жазуымыздың мінсіз қалыптасуына зор үлесін қосары сөзсіз. Ал мінсіз жазу – ұрпақ сауаттылығының басты кепілі. Сондықтан да латын әліпбиін қабылдар алдында оның ғылыми-лингвистикалық негіздемелері мұқият зерттелуі қажет. Тілші мамандар тарапынан ғылыми-теориялық талдаулар жүргізілмей, әліпби қабылданар болса, емленің сауаттылығына төнетін ең басты қауіп сол болмақ.

Бүгінгі таңда тіліміздің үлкен байлығы болып танылатын кітаби лексикаларды латын графикасымен шығатын жаңа «Орфографиялық сөздікке» енгізу мәселесі өзекті болып отыр. Оның бірнеше себептері бар:

**Біріншіден**, егемендік алғаннан кейін ислам дініне қатысты ұғымдар мен тіркестер тілдік қолданысымызға молынан ене бастады. Мәселен мына тәрізді сөздер соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» берілмеген, қазіргі таңда бұлар әртүрлі нұсқада ала-құла таңбаланып келеді: *арафа/арана* (құрбан айттан бір күн бұрын болатын түн), *асхаб/асхан/асқаб* (сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбар ғ.с. серіктері), *әлейһиссалам/аләйһиссалам/алаихұласлам/ғалайһиссалем* (Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу: Алла жарылқасын), *мәлак/мәләк* (періште), *мәләйік/мәлеик* (періштелер), *пәренжі/паранжа/фәрәнжі* (мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі), *тауап/тәуап/тәуаб* (құлшылық ету, табыну), *рүкүз/рукүз* (намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею), т.б.

**Екіншіден**, кезінде саяси идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен, көптеген ауыз әдебиеті мұраларымыз жарыққа шықпағаны белгілі. Ондай жәдігерлер қатарында діни дастандар, магиялық, мифтік аңыздар мен тарихи жырлар бар. Бұлардың барлығы, тәуелсіздік алғаннан кейін жариялана бастады да, оларда кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің орфографиясында бірізділік сақталмай келе жатыр. Мысалы: *аһыл/аһил/аһл/әһлі/әһіл* (туыс, ағайын; ел, қауым), *ғафыл/ғапұл/ғапыл/қапыл* (аңқау; бейқам), *дафиг/дафиқ* (қарсылық), *жамиг/жәмиг/жамиги/жәми/жәмі* (барлығы, күллі), *калам/кәлам/кәләм/кәлем* (сөз, әңгіме), *маиғұл/мәиғұл/маиқұл* (шұғылдану, істеу), *маширик/маширих/машырық* (шығыс, күншығыс), *зәнжабил/занжабил* (имбирь; жұмақтағы бұлақ аты), т.б.

Жалпы «Орфографиялық сөздікте» жоқ, бірақ бірнеше нұсқада таңбаланып жүрген ескі кітаби сөздердің жалпы саны 370 шамасында. Бұл жазу мәдениетімізге нұқсан келтіретін өте үлкен көрсеткіш. Бұлардың бір ғана нұсқасын жазылымда норма ретінде тану күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті жырларында, қисса-дастандарда өте жиі ұшырасатын жарыспалы вариантта қолданылып жүрген мына сөздердің бір нұсқасы «Орфографиялық сөздікке» міндетті түрде енгізілсе деген ұсынысымыз бар: *ақайд/зақайд, алуафұрұш/алаунүріш, аслан/әслан, афсун/афсүн, ахд/ақд, әлфирақ/әлпірақ, барағат/барат, баһан/бәһәна, баһра/бәһра, башарат/бәшерет, бәллұр/биллур, бейқұда/бейхұда, бихуд/биһуд, бұстан/бұстан, гәриан/гәриян, газат/қазат, гауға/қауға, гифрит/ифрит, гиш/гәйиш, гуд/уд, дилбар/ділбар, диуан/дуан, жәзір/жәзыр, жүһүд/жүһүт, зақум/зақұм, зәнжабил/занжабил, зиада/зияда, зұлжалал/зұлжалал, зүлфі/зүлпы, ихфа/ихпа, кәфарат/капарат, күлфат/күлпат, мағшуг/мағшұғ, мантиқ/мантық, махсус/махсұс, махфуз/махфұз, машғұл/мәшғұл, мәзкүр/мазкур, мәләйік/мәлеик, миллат/милләт, миск/мәсік, муазин/муәзін, муафиқ/муафық, муқарраб/мұқарраб, мұнажжим/мүнәжім, мүширік/мүшірік, ниқаб/нықап, нұжум/нүжүм, пәренжі/фәрәнжі, рүкүғ/рукүғ, сұбхан/субхан, тағбир/табир, тағриф/тағриб, тауап/тәуап, таһарат/таһрат, уасил/уасыл, уахи/уәхи, уәли/уәли, фахим/фахым, фирдаус/фирдауыс, хәдие/хәдие, хәдиса/қадиса, хамд/хамыд, хусусан/хосусан, һүжұм/һүжұм, шариф/шәріп, шаһбаз/шаһбаза, шаһид/шәһид, шәукат/шаукат, шигыр/шиғр, шшит/шиғи, шүһрат/шүһрәт, т.б.* Жазылымда бір сөзді осылайша бірнеше фонетикалық варианттарымен әрқалай жаза беру емле ережесіне қайшы нәрсе. Дұрыс болып танылмайды.

Жаңа латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікте» мынадай мәселелер ескерілсе деген ұсыныс айтамыз:

1) Соңғы жылдары жиі қолданысқа ене бастаған діни атауларды сөздікке енгізген дұрыс. Себебі, жарыққа шығып жатқан діни кітаптарда бұл тәрізді сөздер тұрақты түрде қолданылып келеді. Мысалы: *абд* (құдайдың құлы), *барағат* (мұсылмандық күнтізбе бойынша шағбан айының он төртінші күні өтетін барағат (тазару, күнәсіз болу) күні), *забих* (құрбандыққа арналған мал), *кәниса* (шіркеу), *кәшиш* (поп, шіркеу қызметкері), *муазин* (намазға шақырушы, азан айтушы), *фәжир* (күнаһар, имансыз), *фирдаус* (жұмақ бағы), *һауиа* (тозақ аты), т.б.

2) Қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын алайда, жарыққа шығып жатқан ауыз әдебиеті шығармаларында жиі кездесетін ескі кітаби тіл бірліктерінің бір варианты «Орфографиялық сөздікке» енгізілсе. Мысалы: **бекем** сөзінің *махкам, мехкам, махкүм, мәхкәм; күнә* сөзінің *күнаһ, күнәһ, күнаһи, күнәһи, гүнаһ, гунаһ, гүнәһ, күнай, күнәй; неке* сөзінің *никах, неках, неқақ, некаһ; жұп* сөзінің *жұфұт, жұфт, жұфит, жұфыт; айла* сөзінің *хайла, ила, илә, қайла, һайла; байтақ* сөзінің *пайтақыт, пайтахыт, пайтахт; тақ* сөзінің *тақыт, тахт, тахыт; дәрет* сөзінің *таһарат, шадияр* сөзінің *шаһариар,*

*шәһәриар, шарияр, шарияр, шәриар; зайып* сөзінің *зағифа, зағиф* варианттары ескі кітаби тілге тән дыбыстық нұсқалар болып табылады. Болашақта латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікке» осы көнелік формалардың біреуін ендіру қажет. Өйткені нормаландыру принципі қолға алынбағандықтан, жарыққа шығып жатқан кітаптарда көнелік формалар осылайша әртүрлі нұсқалармен көпшілікке ұсынылып келе жатыр.

3) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» көрсетілген нұсқасы бола тұра, екінші дыбыстық нұсқаларының да қатар қолданыла беру жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы: *ажуа/әжуа, байтолла/байтулла, бәдеуи//бәдәуи, жәһіл/жаһил/жәһил, рәкат/ракағат/рәкағат, рубай/рубаи, нәмақұл/намақұл, тәйем/тайаммом, сәргәрда/сәргарда, кәләндер/кәләндар уағалайкүмассалам/уағалейкүмассалам, асфәһани/исфәһан/испаһан.* Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» бұл сөздердің бірінші тұрған нұсқалары берілген. Алайда сөздікте көрсетілген нұсқа емес, керісінше, екінші нұсқаның қолданым аясының кеңдігіне біз зерттеу барысында көз жеткіздік, екінші варианттары басым қолданыста. Сондықтан екінші нұсқаларын орфографиялық сөздікке алу керек.

4) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздікте» *ғафу* да, *ғану* да, *дертменді* де, *дертмене* де берілген. Бұлардың бір ғана нұсқасы көрсетілуі шарт.

5) Соңғы шыққан «Орфографиялық сөздіктің» реестрінде *тамғашы, наубайшы, мизаншы, гафилдік* сөздері алынған, жазба шығармаларда *тамға, наубай, мизан, гафыл* сөздерінің де актив қолданыста болғанына сүйене отырып, түбірлерді де сөздікке енгізген дұрыс.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әртүрлі нұсқада таңбаланып жүрген және орфографиялық сөздікке ендірілмеген ескі кітаби сөздер саны 370-ке жуық. Ол сөздердің барлығын орфографиялық сөздікке алу керек деуден аулақпыз. Алайда қисса-дастандарда, ауыз әдебиеті жырларында, жыраулар поэзиясында, жазба мұраларда, қазір шығып жатқан діни кітаптар мен БАҚ құралдарында тұрақты түрде әрі жиі ұшырасатын бірліктерді іріктеп, олардың жазылым нормасын орфографиялық сөздікке ендіріп, көпшілікке ұсынған абзал деген ойдамыз. Төменде біз ұсынып отырған сөздердің ішінде қай нұсқаны сөздікке ендіру керек, қай нұсқаның емлесі дұрыс деген мәселе өз алдына бөлек зерттеуді талап етеді. Яғни сөздікке нақты алынатын нұсқаны қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына, қосымша жалғану тәртібіне, қолданым жиілігіне қарай анықтау ісі мұқият жүргізілуі шарт. Бұл бойынша қазір зерттеу, талдау жұмыстары жүргізілуде. Болашақта латын графикасымен шығатын «Орфографиялық сөздікке» төмендегі ескі кітаби тіл бірліктерінің дұрыс деп таңдалған бір нұсқасы міндетті түрде ендірілсе деген ұсынысымыз бар. Себебі, бұлар қоғамдық және діни сананың жаңғыруына байланысты әлеуметтік және қоғамдық мәнге ие болып келе жатқан сөздер болып табылады:

**АҚАИД, ҒАҚАЙД** (ар. *ақайд*) – 1. *Наным, сенім.* 2. *Дүниетаным, ұстаным.* 3. *Ислам дінінің негізгі қағидаларын үйрететін кітап.*

**АЛУАФҰРҰШ, АЛАУПҰРҰШ** (пар. *халуафруш*) – *алуа сатушы.*

**АРАФА, АРАПА, АРАФАТ** (ар. арафа) – 1. Меккенің шығысындағы таудың аты. 2. Құрбан айттан бір күн бұрын болатын арапа түні (зулхиджа айының тоғызыншы күні), қажыға барушылардың Арафат тауында діни рәсім өткізетін күні.

**АСЛАН, ӘСЛАН, АСЛА, ӘСЛӘ** (ар. аслан) – мүлде, тіпті, еш. 2. Шыққан тегі, руы.

**АСХАБ, АСХАП, АСҚАБ** (ар. асхаб) – сахаба сөзінің көпше түрі сахабалар, Мұхаммед пайғамбар з.с. серіктері.

**АФСУН, АФСҮН, АПСИН, ӘФСҮН, ӘПСУН, ӘПСҮН** (пар. афсун) – сиқырлы дұға, сиқыр.

**АХД, АҚД, АҢЫД, ҒАҚД, ҒАҢИД** (ahd (ар), ақд (пар.) – келісім, мәміле, уәде, шарт.

**АҢЫЛ, АҢИЛ, АҢЛ, АҢЛУ, АҢЛИ, АХЛУ, ӘҢЛІ, ӘҢІЛ** (ар. әһл) – 1. Туыс, ағайын. 2. Ел, қауым, мекендеуші тұрғындар.

**ӘЛЕЙҢИССАЛАМ, АЛӘЙҢИССАЛАМ, АЛАИХҰЛАСЛАМ, ҒАЛАЙХИССАЛЕМ** (ар. алейһассалам) – Алла жарылқасын (Пайғамбарлардың, әулиелердің, періштелердің атынан кейін айтылатын құрметті теңеу).

**ӘЛФИРАҚ, АЛФЫРАҚ, ӘЛПІРАҚ** (ар. алфирақ) – қош бол!

**БАХИЛ, БӘХИЛ, БАҚЫЛ** (пар. бахил) – тақыс, сараң, ашкөз.

**БАХР, БАХЫР** (ар. бахр) – теңіз.

**БАҢАНА, БӘҢӘНА, БӘҢӘНӘ, БӘҢАНА, ФАҢАНА** (пар. баһана) – сылтау.

**БАҢРА, БӘҢРА, БАҢЫРА, БАХРИ** (пар. баһра) – 1. Қайыр, шапағат, ізеттілік. 2. Пайда, үлгі, шарапат. 3. Ауысп. Таң қалу.

**БАШАРАТ, БӘШЕРЕТ, БӘШІРЕТ** (ар. бишарат) – 1. Қуанышты мәлімет, қуанышты хабар. Бәшерет белгі – қуаныш нышаны. 2. Белгі, хабар.

**БӘДИҒ, БАДИҒ** (ар. бадиг) – 1. Сұлу, әдемі. 2. Тәңір, жаратушы.

**БӘЛАНД, БАЛАНТ, БӘЛАНТ, БОЛӘНД** (пар. боланд) – биік, жоғары.

**БӘЛЛҰР, БИЛЛҰР, БІЛЛҰР** (пар. бәллур) – хрусталь.

**БӘША, БӘСША, БЕШЕ** (пар. бача) – бала.

**БЕЙНИҢАЯТ, БИНИҢАЙАТ, БЕЙНИҢАЯ, БИ НЕХАЯТ, БИ НИҢАЯТ, БИНИҢАЯТ** (пар. биниһайат) – шексіз.

**БЕРИАН, БЕРИЯН, БАРИЯН, ПӘРИЯН** (пар. бериан) – 1. Отқа қақтау, отқа пісіру, қуыру. 2. Ауысп. Жүрегі күй, аһ ұру.

**БИЛЛАҢИ, БИЛЛА** (ар. биллаһи) – Алла атымен ант етемін.

**БИХУД, БИҢУД, БИҢҰДА, БЕЙҚҰДА** (пар. бихуд) – 1. Есінен тану. 2. Бекерге, босқа.

**БУСТАН, БҰСТАН, БОСТАН** (пар. бустан) – жайқалған бақ.

**ГӨРИАН, ГӨРИЯН, ГОРИЯН, ГӘРЯН, ГЕРИАН** (пар. гуриян) – жылау, еңіреу.

**ҒАМАМА, ҒИМАМА, ҒИМАМЕ** (ар. гамама) – сәлде, шалма.

**ҒАМКІН, ҒАМГҮН, ҒАМКҮН, ҒАМКЕН** (пар. *ғамгин*) – қайғылы, құсалы.

**ҒАНБАР, ҒАНБЕР, ҒИНБАР** (ар. *ғанбар*) – кит тұқымдастардан алынатын хош иісті зат, амбра.

**ҒАФЫЛ, ҒАПЛ, ҒАПЫЛ, ҚАПЫЛ** (ар. *ғафил*) – 1. Аңқау, алаңғасар. 2. Бейқам, қаперсіз, жайбарақат. **Ғафл ұйқы** – алаңсыз ұйқы. **Ғапылдық [ғапілдік]** – бейқамдық.

**ҒИФРИТ, ИФРИТ** (ар. *ғифрит*) – 1. Шын-шайтан, пері. 2. Құбыжық, зұлым күш иесі.

**ҒИШ, ҒӘЙШ, ҒАЙШЫ** (пар. *ғиш*) – 1. Нан, тамақ. 2. Рахат өмір, жақсы тұрмыс.

**ҒИШ-ҒИШРАТ, ҒАЙШ-ҒИШРАТ, ҒАЙЫШ-ҒИШРӘТ, ҒӘЙШ-ҒИШАРАТ, ҒЕЙШ-ҒИШРАТ** (пар. *ғиш ғишрат*) – 1. Той, сауық-сайран, дыр-думан. 2. Көңіл көтеру. 3. Қызықты, рахат өмір.

**ҒУД, УД** (ар. *ғуд*) – 1. Алоэ. 2. Сарғалдақ. 3. Жақсы иіс шығару үшін жағатын хош иісті ағаш бұтағы.

**ДАФИҒ, ДАФИҚ** (ар. *дафиг*) – қарсылық, тойтарыс.

**ДИЛБАР, ДІЛБАР, ДІЛБИҒАР** (пар. *дилбар*) – 1. Сұлу, сүйкімді, тартымды, назды ару. 2. Сүйікті, гашық.

**ДИУАН, ДУАН** (ар. *диуан*) – 1. Жиын, кеңес, сот. 2. Жинақ, өлеңдер жинағы. 3. Отыруға арналған жұмсақ жиһаз, диван. 4. Ауысп. Аймақ, ел, өңір.

**ЖАМИҒ, ЖӘМИҒ, ЖАМҒ, ЖАМ, ЖАМИҒИ, ЖӘМИ, ЖӘМИ** (ар. *жамиг*) – 1. Жинау, жиналу. 2. Барлығы, күллі, бүкіл.

**ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮД, ЖҮҺҮТ, ЖӨЙТ, ЖӨҺИД, ЖАҺУТ** (ар. *yahud*) – еврей.

**ЗАЙЫҒ, ЗАЙЫҚ, ЗАЙҒЫ, ЗАЙҚЫ** (ар. *зайг*) – 1. Зая, құр-бекер, босқа. 2. Жоғалу, құру.

**ЗАҚУМ, ЗАҚҰМ, ЗАҚҚУМ, ЗАҚЫМ** (ар. *зақум*) – 1. Діни. Тозақта өсетін жемісі улы ағаш. 2. Ауысп. У, улы зат.

**ЗАРУРАТ, ЗАРУАТ, ЗӘРУРАТ** (ар. *дарурат*) – Қажеттілік, мұқтаждық.

**ЗАХМАТ, ЗАХМЕТ, ЗАҚЫМЕТ** (ар. *захмат*) – 1. Қыспақ, қысым. 2. Азап, қиындық.

**ЗАҺИР, ЗАХИР** (ар. *заһир*) – 1. Нақты, белгілі, айқын, анық. 2. Аяттары арқылы бар екенін білдіріп тұрушы деген ұғымда қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**ЗӘНЖАБИЛ, ЗАНЖАБИЛ** (ар. *занжабил*) – 1. Имбирь. 2. Жұмақтағы бұлақ аты.

**ЗҰЛЖАЛАЛ, ЗҮЛЖАЛАЛ, ЗҮЛЖЕЛЕЛ, ЗҰЛЗАЛАТ, ЗҮЛ-ЗӘЛЛА** (ар. *зулжалал*) – ұлылық пен құдірет иесі деген ұғымда қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**ЗҮЛФИ, ЗҮЛПЫ, ЗАЛФЫ, ЗАЛЫФ** (пар. *зулф*) – 1. Шаш, бұйра шаш. 2. Бұрым.

**ИЗН, ИЗИН, ИЗІН** (ар. *изн*) – рұқсат.

**ИСФАҒАН, ИСПАҒАН, ИСПАХАН, АСФАҒАН, АСПАҒАН, АСПАҚАН, АСБАҒАН** (пар. *исфахан*) – жер атауы.

**ИХРАЖ, ЫҚЫРАЖ** (ар. *ихраж*) – шығын, салық.

**ИХФА, ИХПА** (ар. *ихфа*) – 1. Жасыру. 2. Күннің не айдың тұтылуы. 3. Ауысп. Көз байлайтын сиқыршылық ілімі.

**КАЛАМ, КӘЛАМ, КӘЛӘМ, КӘЛЕМ** (ар. *кәлам*) – 1. Сөз, әңгіме. 2. Ауысп. Құран.

**КӘЛЛА, КӘЛЛӘ, КӘЛЛЕ, КЕЛДЕ** (пар. *кәлле*) – 1. Бас. 2. Бас жағы, ұшы

**КӘТТА, КАТТА, КӘТТӘ, КӘТТЕ, КЕТТЕ, ХӘТТА** (пар. *кәттә*) – 1. Үлкен. 2. Ауысп. Жасы үлкендер. Кәтталығы – үлкендігі.

**КӘФАРАТ, КАПАРАТ, КІПАРАТ** (ар. *каффарат*) – 1. Күнәні жуу үшін берілетін қайыр-садақа. 2. Күнәні өтеу, жуу.

**КУЛЛИАТ, КҮЛЛИАТ, КҮЛЛИЯТ** (ар. *куллиат*) – барлық, бүкіл; күллі сөзінің көпше түрі.

**КУЛФАТ, КҮЛФАТ, КҮЛПАТ, КҮЛПӘТ** (пар. *кулфат*) – қиындық, азап, машақат.

**ҚАНДИЛ, ҚАНДІЛ, ҚАНАДИЛ, ҚАНДАЛ** (ар. *қиндил*) – 1. Шамдал (бірнеше шырақ қоятын зат). 2. Шам, шырақ.

**ҚҮББА, ҚУББА, ҚҮББЕ** (ар. *қубба*) – 1. Күмбез. 2. Күмбезді ғимарат. 3. Ауысп. Үңгір, шұңқыр.

**ҚҮДАУАНДА, ҚҮДАУӘНДА, ҚҮДАУӘНДӘ, ХҮДАУӘНДЕ** – О, жаратушы, Құдай Тағала.

**ЛАТИФ, ЛӘТИФ** (ар. *латиф*) – 1. Сыпайылық, ізеттілік. 2. Жарқын, жайдары. 3. Кеңшілік иесі деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың 99 есімдерінің бірі.

**МАҒШУҒ, МАҒШҰҒ, МАҒШҰҚ** (ар. *мағшуқ*) – 1. Сүйікті, жақсы көретін гашығы. 2. Ғашық, ынтық.

**МАЛАМАТ, МӘЛАМАТ, МӘЛӘМАТ** (ар. *маламат*) – 1. Ұрыс, керіс. 2. Кінәлау, жазғыру, сөгу. 3. Ауысп. Бүлік.

**МАНТИҚ, МАНТЫҚ, МӘНТАҚ** (ар. *мантиқ*) – 1. Тіл, сөйлеу. 2. Логика.

**МАХБҰБ, МАХБҮБ, МАХБОП, МАХБҮБА, МАХБҮБӘ** (ар. *махбуб, махбуба*) – 1. Сүйікті, жақсы көретін гашық жан. 2. Ауысп. Жақсы, қадірлі. 3. Ауысп. Әдемі, сүйкімді, сұлу.

**МАХФУЗ, МАХФҰЗ, МАХФУЗЫ, МӘХФҰЗ, МӘХБУЗ** (ар. *махфуз*) – 1. Сақталған, жадында ұсталған. 2. Діни ұғым бойынша әр адамның тағдыры жазылып тұрған орын.

**МАШҒҰЛ, МӘШҒҰЛ, МАШҚҰЛ** (ар. *мәшғул*) – шұғылдану, айналысу, істеу, жасау.

**МАШРИҚ, МАШРИХ, МАШЫРЫҚ** (ар. *машириқ*) – шығыс, күншығыс.

**МАШУРАТ, МӘШУРАТ, МҮШӘУРА, МҮШӘУРАТ** (ар. *мушаурат, машурат*) – 1. Жиын, жиылыс. 2. Ақыл-кеңес.

**МƏЛАК, МƏЛӘК, МƏЛІК** (ар. *малак*) – *періште*.

**МƏЛӘЙК, МƏЛЕИК** (ар. *малайк*) – *періштелер*.

**МИЛЛАТ, МИЛЛӘТ, МИЛЛЕТ, МІЛЛӘТ, МІЛЛЕТ** (ар. *миллат*) – 1. *Діни қауым, діни топ*. 2. *Дінге сену*. 3. *Халық, ұлт*.

**МИСК, МƏСІК, МАСКИ, МҮСКІ, МҮШКІ** (*миск* (ар.), *мушк* (пар.)) – *бірқатар жануарлардың ұрық безінен шығатын хош иісті зат, мускус*.

**МИСІЛ, МИСЛӘ, МИСЛЕ, МИСЛИ** (ар. *мисл*) – *секілді, сияқты, тәрізді, ұқсас*.

**МУАФИҚ, МУАФЫҚ, МУАПЫҚ** (ар. *муафиқ*) – *сәйкес, сай, лайық*.

**МУҚАРРАБ, МҮҚАРРАБ** (ар. *муқарраб*) – *жақын*.

**МҮНАЖЖИМ, МҮНӘЖІМ, МӘНЖАМ** (ар. *мунажжим*) – *астролог, жұлдызнамашы, жұлдыздарға қарап бал ашушы*.

**МҰРАССАҒ, МҰРАССАҚ, МҰРАССИҒ** (пар. *мурассағ*) – *асыл тастармен әшекейленген, безендірілген*.

**МҰРСАЛ, МҮРСАЛ, МУРСАЛ, МӘРСИЛ** (ар. *мурсал*) – 1. *Жіберілген*. 2. *Миссионер*. 3. *Жіберілген елші, пайғамбар*.

**МҮДӘРРИС, МҮДӘРІС, МУДӘРРИС, МУДДӘРРИС, МҮДІРІС** (ар. *мударрис*) – *мұғалім, ұстаз, сабақ беруші*.

**МУҢЛАТ, МУҢЛӘТ, МҰХЛАТ, МҰХЛӘТ, МИҢЛАТ** (ар. *муһлат*) – 1. *Тоқтату*. 2. *Кейінге қалдыру*. 3. *Мерзім, уақыт*.

**МУШРІК, МҮШРІК** (ар. *муширк*) – *Аллаға серік қосушы, нұтқа табынушы*.

**МІНӘСІП, МУНАСИБ, МҮНӘСІП** (ар. *мунасиб*) – 1. *Сәйкес, сай, лайық*. 2. *Жарасымды, үйлесімді*.

**НАБУД, НАБИТ, НАБҮТ, НАБЫТ, НАУЫТ** (пар. *набуд*) – *қыру, қырылу, құрту, жойылу*. **Сабырсыздың түбі – науыт – сабырсыздың түбі – сор**.

**НАГАҒАН, НӘГАҒАН, НӘКАҒ** (пар. *нагаһан*) – *аяқ астынан*.

**НАДАМАТ, НӘДАМАТ** (пар. *надамат*) – *өкініш, өкіну*.

**НАМ, НӘМ** (пар. *нам*) – 1. *Ат, есім*. 2. *Атақ-даңқ, мәшһүрлік, танымалдылық*. 3. *Аттас, тектес, туыстас*.

**НАМАХРАМ, НӘМАХРАМ** (пар. *намахрам*) – *бөтен, жат, туыс емес*.

**НАМДАР, НАМЫДАР** (пар. *намдар*) – *танымал, атақты, мәшһүр*.

**НИҒАЯТ, НИХАЯТ** (ар. *ниһайа*) – 1. *Ақыр-аяғы*. 2. *Шек, соңы*.

**НУЖУМ, НҮЖҰМ, НҮЖҮМ** (ар. *нужум*) – *нажмнің көпше түрі, жұлдыздар*. **Ғылым нүжүм – астрономия**.

**ПАҒПУР, ПАҒФУР, БАҒПУР, ФАҒПҮР, ФАҒФУР** (пар. *фағфур*) – 1. *Фарфор (Ерте кезде Қытайда фарфордан жасалған қымбат шыны)*. 2. *Қытай императоры*.

**ПАРИШАН, ПӘРИШАН** (пар. *паришан*) – 1. *Қобалжу, абыржу*. 2. *Қайғыру, күйіну, қағы, мұң*.

**ПАРУА, ПӘРУА, ПАРУАЙ, ПӘРУАЙ, ПРУАЙ, ФАРУАЙ** (пар. *пәруа*) – 1. *Ынтызар, құштар*. 2. *Қорқыныш, үрей*.

**ПӘДЕР, ПӘДАР** (пар. *пәдар*) – *әке*.



**ПӘКИЗАТ, ПАКИЗАТ** (пар. *накизе*) – 1. Ажарлы, әдемі, сүйкімді. 2. Мінсіз, мұнтаздай.

**ПӘНЖА, ПАНЖА** (пар. *панже*) – 1. Саусақ. 2. Тырнақ.

**ПӘРЕНЖІ, ПАРАНЖА, ФӘРӘНЖІ** (ар. *фаражиа*) – 1. Мұсылман әйелдерінің сыртқа шыққанда жамылатын сырт киімі. 2. Дін қызметкерлерінің киетін жеңді ұзын сырт киімі.

**РӘМИЛ, РӘМІЛ, РАМЛ, РАМАЛ** (ар. *рамл*) – 1. Құм, қиыршық тас. Рүмлі [рамлы] – құмды. 2. Құмға, майда тасқа бал ашу.

**РИУАЯТ, РАУАЯТ, РАУАТ** (ар. *руайат*) – 1. Қисса, әңгіме, хикая. 2. Қисса, әңгіме, хикая айтушы, баяндаушы.

**РҮКҮҒ, РУКҮҒ** (ар. *рукуғ*) – намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею.

**САДАП, САДАФ, САДӘП, САДЫП, СЕДЕП** (ар. *сәдаф*) – асыл тас.

**СУБХАН, СУБХАН** (ар. *субхан*) – 1. Алланы дәріптеу, мадақтау. 2. Күшті, таза деген ұғымды білдіретін Алла Тағаланың теңеуі.

**ТАҒРИФ, ТАҒРИБ** (ар. *тағриф*) – 1. Түсіндіру, ұғындыру. 2. Анықтау, танысу. 3. Анықтама, мән-мағына. 4. Мадақтау, ұлылау.

**ТАСНИФ, ТӘСНИФ** (ар. *тасниф*) – жазу, құрастыру; шығарма.

**ТАУАП, ТӘУАП, ТӘУАБ, ТАУАФ** (ар. *тауаф*) – 1. Айналып жүріп сыйыну, тағзым ету. 2. Құлшылық ету, табыну.

**ТАФСІЛ, ТӘФСІЛ** (ар. *тафсил*) – жан-жақты мазмұны, бүге-шігесі.

**ТАҺАРАТ, ТАҺРАТ** (ар. *тахарат*) – 1. Тазалық. 2. Сүндет. 3. Намаз оқу алдында тазалану, дәрет алу.

**ТӘКБИР, ТӘКБІР** (ар. *такбир*) – Алланы дәріптеу, «Алла ұлы (Аллаһу акбар)» деп айту.

**УАСИЛ, УАСЫЛ, УӘСІЛ, УӘСӘЛ, УӘСІЛ, УАСЛ** (ар. *уасил*) – 1. Арманына, мақсатына жету. 2. Дәнекер, себепкер. 3. Ауысп. Келу, жету.

**УАСИФ, УӘСФ, УӘСИФ, УӘСІФ, УӘФС** (ар. *уасиф*) – тұр, бейне, сипат.

**УАСУАСА, УӘСУАС, УӘСУӘС, АСУАС** (ар. *уасуаса*) – азғыру, арбау, алдау.

**УАХИ, УӘХИ** (ар. *уаххи*) – Алладан келген аян.

**ҮЛПАТ, ҮЛФӘТ, ҮЛПАТ, ҮЛПӘТ** (пар. *улфәт*) – 1. Дос, достық қарым-қатынас. 2. Жақын, жақындық. 3. Сүйкімділік.

**ФАҒАН, ФАҒАН, ФЕҒАН, ФИҒАН, ПАҒАН** (пар. *фаган*) – зар еңіреп жылау.

**ФАЛАК, ФӘЛАК, ФӘЛӘК, ПАЛАК, ПӘЛАК** (пар. *фәлак*) – 1. Аспан. 2. Жазмыш, тағдыр.

**ФАХИМ, ФАХЫМ, ФАҺИМ, ФӘҺИМ, БАҺЫМ, ПӘҺИМ, ПАХМ** (ар. *фаһм, фаһһам*) – 1. Ақыл, ой. 2. Түсіну, аңғару, ұғу. 3. Байқау, сезу, қырағылық.

**ФИТНА, ФИТНӘ, ФИТІНӘ, ПІТНА, ПІТНЕ** (пар. *фитне*) – 1. Бүлік, дүрбелең. 2. Дін бұзушылық. 3. Арам ойлылық. 4. Ауыртпалық, қиыншылық.

**ХАДИЕ, ХӘДИЕ, ҺӘДИЕ, ҺӘДИЯ, ҺАДИЙА, ӘДИЯ** (ар. *һәдие*) – 1. Сыйлық. 2. Сый-сияпат көрсету.

**ХАМЛА, ХАМЛЕ, ХҮМЛА, ХАМЛ, ХАМИЛА, ХАМИЛ, ХӘМИЛӘ** (ар. *хамла, хамл*) – 1. *Жүкті, аяғы ауыр.* 2. *Іштегі нәресте.*

**ХАРАБ, ХАРАП, ХӘРАБ, ХАРАБА, ҚАРАП** (пар. *хараб*) – 1. *Жоқ қылу, қырып-жою.* 2. *Қирату, қирау, талқандау.* 3. *Қиындық, ауырлық, азап.*

**ХАСИЛ, ХАСЫЛ, ҚАСЫЛ, ҒАСЫЛ, ӘСІЛ** (ар. *хасил*) – 1. *Нәтиже, табыс, қорытынды.* 2. *Қол жеткізу, жүзеге асу.* 3. *Мән-мағына.*

**ХАТИР, ХАТЫР, ХАТІР** (ар. *хатир*) – 1. *Ақыл, ес, ой.* 2. *Пейіл.* 3. *Ауысп. Көңіл-күй.*

**ХИЛАФ, ХИЛӘФ, ХИЛАП, ХЛАП, ХЫЛАП** (пар. *хилаф*) – 1. *Қарама-қайшы, қарсы, қарсылық.* 2. *Дау, жанжал.* 3. *Өтірік, жалған.*

**ҺӘММАТ, ҺӘММӘТ, ҺАММАТ, ҺИММАТ, ҺИММӘТ** (ар. *һәммат*) – 1. *Жігер, күш, қуат.* 2. *Машақат.* 3. *Ыждаһат, ынта, ықылас.*

**ҺҰЖҰМ, ҺҰЖЫМ** (ар. *һужум*) – *шабуыл, лап қою, бас салу.*

**ШАРИФ, ШӘРИФ, ШӘРІП** (ар. *шариф*) – 1. *Мейірімді.* 2. *Ауысп. Киелі, қасиетті.* 3. *Құрметті, қадірлі.* 4. *Адал, пәк.* 5. *Әміршінің титулы.*

**ШАҒАРИАР, ШӘҒӘРИАР, ШАРИЯР, ШАРИАР, ШӘРИАР, ШАДИЯР** (пар. *Чаһариар. Чаһар – төрт, иар – дос*) – *Мұхаммед пайғамбардың ең алғаш дін қабылдаған төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Осман, Әли.*

**ШАҒЗАТ, ШАҒИЗАТ, ШӘҒЗАТ** (пар. *шаһзад*) – *патшаның, шаһтың баласы, тұқымы.*

**ШАҒИД, ШАҒИТ, ШӘҒИД** (ар. *шаһид*) – 1. *Қайтыс болу, қаза табу, опат болу.* 2. *Ауысп. Қаза табушы, опат болушы.*

**ШАҒМАРАН, ШАҒИМАРАН, ШАҒИМАРДАН** – (пар. *шаһимаран*) – 1. *Жыландардың патшасы.* 2. *Ауысп. Батырлардың батыры, батырлардың патшасы.* 3. *Ауысп. Әзірет Әлидің эпитеті.*

**ШАШМА, ШЕШМА, ШИШМА, ЧИШМӘ, ЖӘШІМ** (пар. *чашма*) – 1. *Бұлақ.* 2. *Ауысп. Өзен.*

**ШӘУКАТ, ШАУКАТ, ШАУКЕТ, ШӘУКЕТ** (ар. *шәукат*) – *күш, қуат, құдірет.*

**ШИҒЫР, ШИҒР** (ар. *шиғр*) – *өлең, тақпақ, жыр.*

**ШИИТ, ШИҒИ, ШИҒА** (ар. *шиға*) – 1. *Топ, партия.* 2. *Ислам дінінің шиға бағытын ұстанушылар (Ислам діні екі үлкен топқа бөлінеді: сүнни және шиғи).*

**ЫНСАП, НЫСАП, ИНСАФ, ИНСАП, ЫСАБ** (пар. *инсаф*) – 1. *Әділ, әділдік, әділетті, әділеттілік.* 2. *Ауысп. Қанағат.*